

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

# Қазақстан Республикасының қаржы секторына шолу

2026 жылғы қаңтар

## Мазмұны

Негізгі оқиғалар.....	5
1. Банк секторы .....	9
2. Сақтандыру секторы .....	16
3. Бағалы қағаздар нарығы .....	20
4. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (банктік емес сектор).....	26
5. Микрофинансовая деятельность.....	29
6. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау .....	32

### Кестелердің тізімі

1.1-кесте. Банк секторының құрылымы.....	9
2.1-кесте. Сақтандыру секторының құрылымы.....	16
3.1-кесте. Ұжымдық инвестициялар нарығының құрылымы .....	22
3.2-кесте. Бағалы қағаздар нарығының құрылымы .....	23
4.1-кесте. Банктік емес сектордың құрылымы .....	26
4.2-кесте. Ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелінің құрылымы .....	26
4.3-кесте. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың несиелік портфелінің құрылымы.....	28
5.1-кесте. Микроқаржы секторының құрылымы .....	29
6.1-сурет. Қаралған өтініштерді мәселенің сипаты бойынша бөлу .....	32

### Суреттердің тізімі

1.1-сурет. Банктердің активтері .....	9
1.2-сурет. Өтімділігі жоғары активтер .....	9
1.3-сурет. Банктердің міндеттемелері, капиталы .....	10
1.4-сурет. Банктер кірістілігінің көрсеткіштері .....	10
1.5-сурет. Экономикаға берілген кредиттер.....	11
1.6-сурет. Экономикаға берілген кредиттердің құрылымы.....	11
1.7-сурет. Валюталар бойынша экономикаға берілген кредиттер .....	11
1.8-сурет. Бизнес субъектілеріне берілген қарыздар .....	12
1.9-сурет. Халыққа берілген кредиттер .....	12
1.10-сурет. Теңгемен кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер .....	12
1.11-сурет. 90 күннен аса мерзімі өткен берешегі бар қарыздар .....	13
1.12-сурет. Депозиттік ұйымдардағы резиденттердің депозиттері .....	14
1.13-сурет. Теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлемелер .....	14
2.1-сурет. Сақтандыру ұйымдарының активтері .....	16
2.2-сурет. Сақтандыру ұйымдары активтерінің құрылымы .....	16
2.3-сурет. Сақтандыру ұйымдарының резервтері және капиталы.....	17
2.4-сурет. Сақтандыру секторының кірістілігі .....	17
2.5-сурет. Сақтандыру сыйлықақыларының серпіні .....	18
2.6-сурет. Жасалған шарттардың саны .....	18
2.7-сурет. Сақтандыру төлемдерінің серпіні .....	18
2.8-сурет. Сақтандыру төлемдерінің саны .....	18
2.9-сурет. Сақтандыру сыйлықақылары/төлемдері.....	19
2.10-сурет. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар және қайта сақтанушылардан өтемақы .....	19
3.1-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру .....	20

3.2-сурет. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі .....	20
3.3-сурет. Айналыстағы облигациялар .....	21
3.4-сурет. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі .....	21
3.5-сурет. Номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы .....	21
3.6-сурет. МБҚ жасалған сауда-саттық көлемі .....	21
3.7-сурет. Инвестициялық қорлардың активтері .....	22
3.8-сурет. Инвестициялық пай қорлары активтерінің құрылымы .....	22
3.9-сурет. Орталық депозитарийдің номиналды ұстау жүйесіндегі шоттардың саны.....	24
3.10-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері.....	25
3.11-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлер және инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымы .....	25
4.1-сурет. Ипотекалық ұйымдардың активтері мен несиелік портфелі.....	26
4.2-сурет. Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері, капиталы .....	26
4.3-сурет. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың активтері мен несиелік портфелі .....	27
4.4-сурет. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың міндеттемелері, капиталы .....	27
5.1-сурет. МҚҚЖҰ активтерінің серпіні .....	29
5.2-сурет. МҚҚЖҰ міндеттемелерінің серпіні .....	30
5.3-сурет. МҚҚЖҰ меншікті капиталының серпіні .....	30
5.4-сурет. МҚҚЖҰ несиелік портфелінің сапасы.....	31
5.5-сурет. Жеке және заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер .....	31
6.1-сурет. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар жолданымдарының саны .....	32
6.2-сурет. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар жолданымдарының құрылымы .....	32

## Қысқартулар мен аббревиатуралар тізімі

<b>Агенттік</b>	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
<b>ТИАИҚ</b>	Тәуекелмен инвестицияланатын акционерлік инвестициялық қор
<b>ЕДБ</b>	Екінші деңгейдегі банктер
<b>ЖІӨ</b>	Жалпы ішкі өнім
<b>МБҚ</b>	Мемлекеттік бағалы қағаздар
<b>ЕОБ</b>	Еуропа орталық банкі
<b>ЖИПҚ</b>	Жабық инвестициялық пай қоры
<b>АИПҚ</b>	Аралық инвестициялық пай қоры
<b>ДК</b>	Дара кәсіпкер
<b>ІБ</b>	Ірі бизнес
<b>ШОБ</b>	Шағын және орта бизнес
<b>АИПҚ</b>	Ашық инвестициялық пай қоры
<b>ИПҚ</b>	Инвестициялық пай қоры
<b>РЕПО</b>	Repurchase Agreement/ Сатып алу келісімі
<b>ҚР</b>	Қазақстан Республикасы
<b>РФ</b>	Ресей Федерациясы
<b>БҚН</b>	Бағалы қағаздар нарығы
<b>ХЭОТ</b>	Халықтың әлеуметтік осал топтары
<b>ФРЖ</b>	Федералдық резервтік жүйе
<b>ETF</b>	Биржада саудаланатын қор (exchange traded fund)
<b>KASE</b>	Қазақстан қор биржасы
<b>ROA</b>	Активтердің рентабельділігі (return on assets)
<b>ROE</b>	Меншікті капиталдың рентабельділігі (return on equity)
<b>КЖ</b>	Кірістерді жылыстату
<b>ТҚҚ</b>	Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл
<b>ТҚ</b>	Терроризмді қаржыландыру
<b>РФОБ</b>	Ресей Федерациясы Орталық Банкі

## Негізгі оқиғалар

2026 жылдың басында геосаяси белгісіздік пен протекционизм саясатының күшеюіне, соның ішінде тарифтік кедергілердің кеңеюіне қарамастан, жаһандық қаржы нарықтарында тұтастай алғанда оң серпін сақталды. Мұндай жағдайда ҚР экономикасы орнықтылықты сақтап қалды, бұл валюта нарығының тұрақтылығында, ішкі сұраныстың сақталуында және іскерлік белсенділіктің қалыпты оң серпінінде көрінді.

2026 жылғы қаңтарындағы жағдай бойынша дамыған экономикаларда инфляция баяулау үрдісін көрсетуді жалғастыруда. Мәселен, 2026 жылғы қаңтардың қорытындысы бойынша АҚШ-тағы жылдық инфляция 2,4%-ды құрап, өткен айдың қорытындысы бойынша көрсеткішпен салыстырғанда 0,3 п.т. төмендеді. Еуроаймақта жылдық инфляция 2026 жылғы қаңтарда 1,7%-ға дейін төмендеді (2025 жылғы желтоқсанда - 1,9%). Ұлыбританияда инфляция 2026 жылғы қаңтарда 2025 жылғы желтоқсанда 3,3%-дан төмендеп, 3,0%-ды құрады. РФ жылдық инфляция 6,0%-ға дейін өсті (2025 жылдың желтоқсанында - 5,6%).

Осыған орай, жетекші орталық банктер 2026 жылдың басында ақша-кредит саясатының өлшемдерін одан әрі түзету бөлігінде күту жағдайын сақтап қалды. АҚШ-тың Федералды резервтік жүйесі 2026 жылғы қаңтарда 2025 жылы мөлшерлеменің бірқатар төмендеуінен кейін федералды қорлар мөлшерлемесінің нысаналы диапазонын жылдық 3,50-3,75% деңгейінде сақтап, инфляциялық және экономикалық тәуекелдер балансын салыстырмалы түрде бейтарап деп бағалады. Өз кезегінде ЕБҚ басқарушы кеңесі негізгі пайыздық мөлшерлемелерді 2,15% деңгейінде өзгеріссіз қалдыру туралы шешім қабылдады, бұл ретте депозиттер, негізгі қайта қаржыландыру операциялары және маржалық кредиттеу бойынша пайыздық мөлшерлемелер тиісінше 2,00%, 2,15% және 2,40%-ды құрады. Англия банкі 2026 жылғы қаңтарда экономикадағы белгісіздік жағдайында инфляцияның баяулауы аясында базалық мөлшерлемені 3,75% деңгейінде сақтап қалды. Орталық банк 2026 жылғы қаңтарда негізгі мөлшерлемені жылдық 16,0% деңгейінде сақтай отырып, қатаң ақша-несие шарттарын ұстануды жалғастырды.

АҚШ долларының индексі (DXY) 2026 жылғы қаңтарда 98,3-тен 97,0-ге дейін 1,4%-ға аздап төмендеді, бұл ФРЖ-ның орта мерзімді перспективадағы жеңіл саясаты мен АҚШ экономикасының салыстырмалы тұрақтылығындағы тұрақты сауда шиеленісі арасындағы теңгерімді көрсетеді. АҚШ-тың 2026 жылғы қаңтардағы негізгі қор индекстері, сондай-ақ 2025 жылдың жабылу деңгейіне жақындап, орташа оң серпінді көрсетті, бұл ретте S&P 500 индексі 1,4%-ға, Nasdaq 0,9%-ға, ал Dow Jones 1,7%-ға өскен.

S&P Global есептеген J.P. Morgan жаһандық PMI индексі 2026 жылғы қаңтарда 2025 жылғы желтоқсандағы 52,0-ден 52,5-ке дейін өсті, бұл әлемдік экономикалық белсенділіктің өсу қарқынының қалыпты қалпына келуін көрсетеді. Дегенмен, іскерлік сенімділік деңгейі әлі де әлсіз болып тұр, ал баға қысымы өсіп, жалғасып жатқан экономикалық өсудің орнықтылығына күмән күшейе түсті. ХВҚ-ның болжамды деректеріне сәйкес 2026 жылы әлемдік экономиканың өсуі 3,1%-ды құрайды. Сауда саясатындағы өзгерістер технологияға салынған инвестициялармен, бюджеттік және ақшалай қолдау шараларымен, жеңіл қаржылық жағдайлармен және жеке сектордың бейімделу қабілетімен өтеледі. Жаһандық инфляция төмендейді деп күтілуде, бірақ АҚШ-тағы инфляцияның нысаналы деңгейге оралуы біртіндеп жүреді. Өсудің төмендеуінің негізгі тәуекелдері жаңа технологияларға деген үміттерді қайта бағалаумен және геосаяси шиеленістің<sup>1</sup> күшеюімен байланысты болды.

<sup>1</sup> <https://www.imf.org/ru/publications/weo/issues/2026/01/19/world-economic-outlook-update-january-2026>

2026 жылғы қаңтарда Brent маркалы мұнайдың бағасы 16,2%-ға - барреліне 60,9 АҚШ долларынан 70,7 долларға дейін өсті. Баға белгілеулердің өсуі геосаяси тәуекелдердің күшеюіне және жеткізілімдер барысындағы іркілістерге байланысты болды.

KASE-де теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбас бағамы 2026 жылғы қаңтарда 0,9%-ға - бір АҚШ доллары үшін 505,73-тен 501,24 теңгеге дейін, оның ішінде трансферттер мен алтынмен мөлшерлес операцияларды жүзеге асыру шеңберінде Ұлттық Банктің сатылымы аясында аздап нығайды.

2026 жылғы қаңтардағы қысқа мерзімді экономикалық индикатор (ҚЭИ) 97,2% құрады, бұл көбінесе шикізат секторындағы өндірістің төмендеуімен байланысты. Бұл ретте шикізаттық емес сектор оң серпінді сақтап отыр, атап айтқанда өңдеу өнеркәсібі тау-кен өнеркәсібіндегі қысқартуды белгілі бір дәрежеде өтей отырып, 4,4%-ға өсті. Құрылыс (+14,4%), байланыс (+7,9%) және көлік (+5,1%) озық қарқынмен өсуде. Ішкі сұраныстың оң серпіні сақталуда, бұл сауда көлемінің қалыпты өсуімен расталады (+2,9%).

2026 жылғы қаңтардың қорытындысы бойынша Қазақстанда жылдық инфляция 2025 жылғы желтоқсандағы 12,3%-бен салыстырғанда 12,2%-ға дейін баяулады. Бұл ретте тұтыну нарығының негізгі секторлары бойынша баға серпіні гетерогенді болды. Азық-түлік тауарлары бағасының өсуі 12,9%-ға дейін төмендеді (2025 жылғы желтоқсанда - 13,5%), қызмет көрсету саласындағы инфляция 12% деңгейінде сақталды (2025 жылғы желтоқсанда - 12%), ал азық-түлік емес тауарлар сегментінде желтоқсандағы 11,1%-ға қарағанда 11,7%-ға дейін жеделдету байқалды.

Инфляцияның ағымдағы серпінін, оның факторларын және тәуекелдер балансын бағалауды ескере отырып, Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты комитеті 2026 жылғы 23 қаңтарда базалық мөлшерлемені жылдық 18,0% деңгейінде ұстау туралы шешім қабылдады.

Ұлттық Банктің мәліметі бойынша, 2026 жылғы қаңтарда іскерлік белсенділік индексі оң аймаққа оралып, 2025 жылғы желтоқсандағы 49,9-дан 50,8-ге дейін өсті және жиынтық іскерлік белсенділіктің қалпына келуін білдірді. Ең айқын оң серпін қызмет көрсету секторында тіркелді, онда индекс бір ай бұрын өсу кезеңіне өтіп, 49,0-ге қарағанда 52,1-ге дейін өсті. Өндірістік секторда және саудада іскерлік белсенділік индексі жалғасып жатқан кеңеюді көрсете отырып, 50 тармақ шегінен жоғары сақталды, алайда өсу қарқыны 2025 жылғы желтоқсанда 52,0 және 51,3-ке қарағанда тиісінше 50,8 және 50,3 тармаққа дейін баяулады. Құрылыста көрсеткіштің 47,1 тармаққа дейін жақсарғанына қарамастан (2025 жылғы желтоқсанда - 45,4) белсенділік төмендеу аймағында қалып отыр. Бұл ретте, тау-кен өнеркәсібінде индекс бұдан бір ай бұрын 49,4-тен 49,1-ге дейін төмендеді, бұл саладағы ұстамды серпіннің сақталуын көрсетеді.

2026 жылғы қаңтарда тұтынушылық белсенділіктің орташа баяулауымен кредиттік және инвестициялық белсенділіктің шамалы жеделдеуі байқалды. Мәселен, экономикаға кредиттердің жылдық өсуі 2025 жылғы желтоқсандағы 19,1%-дан 19,4%-ға дейін, негізгі капиталға инвестициялардың өсуі 2025 жылғы қаңтардағы 0,2%-бен салыстырғанда 3,4%-ға дейін жеделдеді. Сонымен қатар, бөлшек сауданың жылдық өсу қарқыны 2,1%-ды құрады.

## Қабылданған реттеушілік шаралар

ҚР нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру шеңберінде Агенттік Басқармасы қаржы секторын дамытуға және тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған мынадай қаулыларды бекітті:

1) Агенттік Басқармасының №1 қаулысымен қаржы ұйымдарының қызметін реттеу мәселелері бойынша ҚР кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, капиталды босату және өтімділік жөніндегі шараларды көздейтін «Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына өзгерістер енгізілді:

- LCR төмендетілген мәнін 2028 жылға дейін 0,9 деңгейінде сақтау (NSFR 0,9 деңгейінде 2028 жылға дейін ұзартылды);

- ШОБ субъектілерінің қарыздары бойынша RWA төмендетілген мәнін 2027 жылға дейін 50% деңгейінде сақтау;

- ислам банктері үшін ҚДБ мен Даму Қорының кепілдіктерімен қамтамасыз етілген ШОБ субъектілерінің қарыздары бойынша 25% деңгейде RWA төмендетілген мәнін белгілеу;

- қарыздар бойынша қамтамасыз ету ретінде «А-»-тен төмен емес рейтингі бар шетелдік банктердің кепілдіктерін тану тәртібін нақтылау;

- кепілмен қамтамасыз етудің жеткілікті болуы, борыш жүктемесінің шектелуі және қаржылық жағдайдың нашарлау белгілерінің болмауы сияқты белгіленген өлшемшарттарға жататын валюталық қарыздар үшін тәуекел-саралауды 150% деңгейінде белгілеу;

- 2028 жылға дейін банктерге АНК кредиттері бойынша бір қарыз алушыға (к3) тәуекел бойынша лимитті қайта қарау;

2) Басқарманың №3 қаулысымен нормативтік құқықтық актілерге мыналарды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

- сақтандыру тарифінің есебіне енгізілетін әкімшілік және комиссиялық шығыстардың мөлшерін шектеу;

- зейнетақы аннуитеті бойынша төлемдерді оның құнын сақтай отырып ұлғайту;

- сақтандыру пулдарын құруды ынталандыру;

- сақтанушылардың құқықтарын қорғауды жаңа коэффициенттерді ерте ден қою шараларын енгізу және сақтандыру ұйымында банктермен ұқсастығы бойынша клиенттердің құқықтарын қорғау жөніндегі тәуелсіз бөлімшенің болуы бойынша талаптарды енгізу арқылы арттыру;

- сақтандыру ұйымындағы алаяқтыққа қарсы күрес жөніндегі талаптарды регламенттеу;

- актуарийге лицензия беру үшін Enebek.kz онлайн-платформасында актуарлық курстардан өткені туралы сертификатты тану.

# 2026 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының қаржы секторындағы негізгі өзгерістер

## Банк секторы

Ірі бизнеске кредиттер өсу қарқыны (беру)

**+68,4%** 2026 қаң.  
2025 қаң. қат.

**-25,6%** 2025 қаң.  
2024 қаң. қат.

Кепілсіз кредиттердің өсу қарқыны (портфель)

**-0,2%** 2026 қаң.  
2025 қаң. қат.

**+0,5%** 2025 қаң.  
2024 қаң. қат.

- ірі бизнесті кредиттеудің өсуіне негізгі үлесті ірі банктердің бірі қамтамасыз етеді. Банкке барлық жаңа берулердің 58,8%-ы тиесілі болды, бұл ретте оның жаңа кредиттерінің көлемі 423,55 млрд теңгені құрады (2025 жылғы қаңтарға қарағанда +58,7%)

- өсу қарқынының қысқаруы Агенттіктің тұтынушылық кредиттеуді шектеу және осы сегменттегі тәуекелдерді төмендету жөніндегі іске асырылған шараларымен байланысты

## Сақтандыру секторы

Сақтандыру төлемдері

**42,0** **+29,5%**  
млрд тг. 2026 қаң.  
2025 қаң. қат.

- өсім зейнетақы аннуитеттік сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің 197,7%-ға және өмірді сақтандыру бойынша 72,9%-ға ұлғаюына байланысты

## Бағалы қағаздар нарығы

KASE индексі

**7 702,6** **+9,5%**  
тармақ 2026 қаң.  
2025 жел. қат.

- акциялары мұнай мен уранның қымбаттауы аясында өскен шикізат секторының компаниялары индекс серпініне негізгі үлес қосты

Акциялар нарығын капиталдандыру

**43,9** **+12,6%**  
трлн тг. 2026 қаң.  
2025 жел. қат.

- нарықты капиталдандыру «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (+49,6%), «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (+10,5%) және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (+8,2%) акциялары бағасының өсуімен қамтамасыз етілген

## Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау

**405** **-35%**  
жолданым 2026 қаң.  
2025 жел. қат.

- алаяқтықпен байланысты жолданымдар саны міндетті «шешім қабылдау кезеңін» енгізуді қоса алғанда, реттеу шараларының қолданылуына және жүргізіліп жатқан түсіндіру жұмыстарына, оның ішінде қаржылық сауаттылықты арттыруға байланысты айтарлықтай қысқарды

## 1. Банк секторы

2026 жылғы қаңтарда активтерді, міндеттемелерді және капиталды қоса алғанда, банк секторының негізгі индикаторларының серпіні нарықтың тұрақты дамуын және жүйелік қауіптердің болмауын куәландырады. Банк секторын капиталдандырудың жоғары деңгейі сыртқы күйзелістер мен геосаясат факторлары жағдайында қажетті беріктік буферін қамтамасыз етеді.

01.02.2026ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 23 екінші деңгейдегі банк бар, оның 15-і шетелдің қатысуымен, оның ішінде 10 еншілес банк.


1.1-кесте. Банк секторының құрылымы

	01.01.2024	01.01.2025	01.01.2026	01.02.2026
Барлығы ЕДБ	21	21	23	23
Барлығы ЕДБ филиалдары	260	263	283	283
ҚР барлық бейрезидент-банктердің өкілдіктері	19	19	19	19
Шет елдегі барлық ЕДБ-нің өкілдіктері	4	4	4	4


### 1.1. Банктердің қаржылық көрсеткіштері

Банк секторының жиынтық активтері 2026 жылғы қаңтарда 0,9%-ға 70 132 млрд теңгеге дейін, негізінен сауда, өнеркәсіп және өзге де салалардағы заңды тұлғалардың кредиттерін өтеу нәтижесінде несие портфелін 1,1%-ға 42 980 млрд теңгеге дейін төмендеуі есебінен азайды (1.1-сурет).

1.1-сурет. Банктердің активтері



1.2-сурет. Өтімділігі жоғары активтер



Екінші деңгейдегі банктердің өтімділігі жоғары активтері 2026 жылғы қаңтарда 3,1%-ға өсіп, 20 657 млрд теңгені құрады (жиынтық активтердің 29,5%-ы) (1.2-сурет). Өтімділіктің жеткілікті қорының болуы банктерге өз міндеттемелерін толық көлемде орындауға мүмкіндік береді.


Банк секторының міндеттемелері 2026 жылғы қаңтарда операциялық және инвестициялық мақсаттарға қаражатты пайдалануға байланысты заңды тұлғалардың салымдарының азаюы есебінен 1,4%-ға 59 356 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Есепті кезеңнің бөлінбеген таза кірісінің ұлғаюына байланысты банктердің меншікті капиталы 2026 жылғы қаңтарда 1,7%-ға 10 776 млрд теңгеге дейін ұлғайды (1.3-сурет).


Негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к1) 01.02.2026ж. 20,0%-ды, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к2) 20,7%-ды құрады, бұл жүйе бойынша орташа алғанда заңнамада белгіленген нормативтерден едәуір артық және банктерге әлеуетті тәуекелдерді жабуға мүмкіндік береді.

Банктердің 2026 жылғы қаңтардағы таза пайдасы 199 млрд теңгені құрады, бұл 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 13,1%-ға аз. Саланың циклдік даму сипатына байланысты соңғы екі жылда рентабельділік көрсеткіштерінің бір мезгілде төмендеуімен банк секторы пайдасының өсу қарқынының баяулауы байқалады. Банк активтерінің рентабельділігі (ROA) 01.02.2026ж. 4,1%-ды (01.01.2026ж. - 4,2%), капиталдың рентабельділігі (ROE) 27,7%-ды (01.01.2026 ж. - 28,4%) (1.4-сурет) құрады.

1.3-сурет. Банктердің міндеттемелері, капиталы



1.4-сурет. Банктер кірістілігінің көрсеткіштері



### Екінші деңгейдегі банктердің экономикаға берген кредиттері


2026 жылғы қаңтарда екінші деңгейдегі банктердің экономикаға кредит беруі заңды тұлғалардың кредиттерді маусымдық өтеу жағдайында жоғары базалық мөлшерлеме аясында ШОБ-қа кредиттер беру қарқынының баяулауымен сипатталды. Бұл ретте жиынтық кредиттік портфель тұтынушылық кредит беру деңгейінің сақталуымен теңестірілді. Бұл ретте бөлшек кредит беруді реттеудің сақталуы аясында кепілсіз тұтынушылық қарыздардың төмендеуі байқалады.

Екінші деңгейдегі банктердің экономикаға берген кредиттері 2026 жылғы қаңтарда бизнеске берілген кредиттердің төмендеуі есебінен 0,5%-ға 39 991 млрд теңгеге дейін төмендеді, бұл ақша-кредит жағдайларының сақталуына байланысты болды. Экономикаға берілген кредиттердің құрылымында бұрынғысынша негізгі үлесті тұтынушылық және халыққа берілетін өзге де қарыздар<sup>2</sup> (44,6%) және бизнес субъектілеріне берілген қарыздар<sup>3</sup> (38,0%) алады (1.5 және 1.6-суреттер).


<sup>2</sup> ДК-нің кәсіпкерлік мақсаттарға алған кредиттерін қамтымайды

<sup>3</sup> Бизнес субъектілеріне кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін кредит алған заңды тұлғалар, сондай-ақ ДК жатқызылды

1.5-сурет. Экономикаға берілген кредиттер




1.6-сурет. Экономикаға берілген кредиттердің құрылымы



2026 жылғы қаңтарда ұлттық валютадағы кредиттер 0,6%-ға 36 254 млрд теңгеге дейін төмендеді, бұл ретте шетел валютасындағы кредиттер 2025 жылғы желтоқсандағы деңгейде сақталып, 3 737 млрд теңгені құрады (1.7-сурет). 01.02.2026ж. теңгемен кредиттердің үлес салмағы 2025 жылғы желтоқсан деңгейінде сақталып, 90,7%-ды құрады.

1.7-сурет. Валюталар бойынша экономикаға берілген кредиттер



Экономикаға берілген кредиттер құрылымында мерзімдер бойынша ұзақ мерзімді қарыздар басым – 86,2%, бұл ретте қысқа мерзімді қарыздар экономикаға екінші деңгейдегі банктер берген кредиттердің жалпы сомасының 13,8%-ын құрайды.


2026 жылғы қаңтарда 2 591 млрд теңге сомасына жаңа кредиттер берілген, бұл 2025 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 11,6%-ға артық.

#### Бизнес субъектілеріне берілген кредиттер<sup>4</sup>

2026 жылғы қаңтарда бизнес субъектілеріне екінші деңгейдегі банктердің кредиттері негізінен айналым қаражатын сатып алуға берілген қарыздардың 2,2%-ға 5 853 млрд теңгеге дейін төмендеуі есебінен 1,7%-ға 15 180 млрд теңгеге дейін төмендеді. ШОБ субъектілеріне берілген қарыздардың портфелі 2,5%-ға 6 657 млрд теңгеге дейін, жекелеген заңды тұлғалардың кредиттерін маусымдық өтеу аясында ірі бизнеске берілген қарыздар 1,7%-ға 5 416 млрд теңгеге дейін төмендеді. ДК-нің 2026 жылғы қаңтардағы қарыздары іс жүзінде 2025 жылғы желтоқсан деңгейінде сақталып, 106 млрд теңгені құрады (1.8-сурет).

<sup>4</sup> «Ақша-кредит және банк статистикасы» бөлімінің деректері бойынша, «Кредит нарығы» кіші бөлімі (<https://nationalbank.kz/ru/news/loans-to-economy-from-second-tier-banks/rubrics/1840>). Бизнес субъектілеріне кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін кредит алған заңды тұлғалар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер жатады

1.8-сурет. Бизнес субъектілеріне берілген қарыздар



2026 жылғы қаңтарда құрылыстан басқа барлық салада бизнеске берілген кредиттің азаюы байқалады, мұнда 0,9%-ға 843 млрд теңгеге дейін өсім тіркелген. Өнеркәсіпте кредиттер 1,0%-ға 5 072 млрд теңгеге дейін, саудада 3,4%-ға 4 092 млрд теңгеге дейін, ауыл шаруашылығында 3,7%-ға 501 млрд теңгеге дейін, ақпарат пен байланысты 1,2%-ға 208 млрд теңгеге дейін, көлікте 0,9%-ға 962 млрд теңгеге дейін және басқа да қызмет көрсету салаларында 1,1%-ға 3 501 млрд теңгеге дейін қысқарды.


2026 жылғы қаңтарда бизнес субъектілеріне 1 324 млрд теңге сомасына жаңа қарыздар берілген, бұл жекелеген банктің корпоративтік кредиттер беруінің 58,7%-ға өсуі есебінен ірі бизнеске берілген жаңа қарыздардың 68,4%-ға өсу қарқынының жеделдеуіне байланысты 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 28,7%-ға артық.

Бизнес субъектілеріне ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 2026 жылғы қаңтарда ДК кредиттері бойынша мөлшерлеменің 2,1 тармақшаға 31,6%-ға дейін өсуі есебінен 22,7%-ды (2025 жылғы желтоқсанда - 21,4%) құрады (1.10-сурет).


### Халыққа берілген кредиттер

2026 жылғы қаңтарда халыққа екінші деңгейдегі банктердің кредиттері ипотекалық кредиттердің 0,5%-ға 6 985 млрд теңгеге дейін өсуі есебінен 0,2%-ға 24 811 млрд теңгеге дейін өсті. Тұтынушылық қарыздар 2025 жылғы желтоқсан деңгейінде сақталып, пруденциялық нормалардың қолданылуы есебінен 16 659 млрд теңгені құрады (1.9-сурет).

1.9-сурет. Халыққа берілген кредиттер



1.10-сурет. Теңгемен кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер



2026 жылғы қаңтарда халыққа 1 267 млрд теңге сомасына жаңа қарыздар берілді, бұл өткен жылдың қаңтарымен салыстырғанда 2,0%-ға аз. Қарыздар құрылымында халыққа тұтынушылық мақсаттарына 1 052 млрд теңге берілді, бұл халықтың борыш жүктемесін төмендету үшін бұрын қабылданған реттеушілік талаптарға байланысты кепілсіз тұтынушылық қарыздар берудің 7,3%-ға төмендеуі есебінен 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 5,8%-ға аз.

Өз кезегінде, кепілді тұтынушылық кредиттеу сегментінде жаңа қарыздар беру серпіні оң болып сақталуда. Мәселен, 2026 жылғы қаңтарда 166 млрд теңге сомасына жаңа қарыздар берілді, бұл 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 2,9%-ға артық.

2026 жылғы қаңтарда ипотекалық қарыздар 155 млрд теңге сомасына берілді, бұл 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 22,0%-ға артық, бұл ипотекалық өнімдерге деген сұраныстың сақталғанын көрсетеді.

2026 жылғы қаңтарда ұлттық валютада халыққа берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі тұтынушылық қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 2,8 п.т.-ға 22,3%-ға (2025 жылғы желтоқсанда - 18,3%) өсуіне байланысты 20,8%-ды құрады (1.10-сурет).

### Кредиттік портфельдің сапасы, провизиялар<sup>5</sup>


2026 жылғы қаңтарда 90 күнге кешіктірілген берешек үлесінің ұлғаюы байқалды, бұл ретте кредиттік тәуекелдер деңгейі жалпы бақылауда қалып отыр. NPL90+ көрсеткішінің артуы жаңадан берілген кредиттердің азаюымен және кредиттік портфельді бір уақытта өтеумен байланысты, бұл проблемалық кредиттер үлесінің салыстырмалы өсуіне әкелді.

01.02.2026 жылғы жағдай бойынша кредит портфелі орнықтылықты көрсетіп отыр. Мәселен, кредиттік портфельдің жалпы көлемінде мерзімі 90 күннен асатын берешегі бар кредиттердің үлесі 3,8%-ды немесе 1 648 млрд теңгені құрады, халыққа<sup>6</sup> берілген кредиттер портфеліндегі мерзімі өткен қарыздар үлесінің 4,5%-ға немесе 1 119 млрд теңгеге дейін өсуі есебінен 2025 жылғы желтоқсандағы 3,6%-дан (2025 жылғы желтоқсанда - 4,3% немесе 1 072 млрд теңге) ұлғайды. Халыққа берілетін кредиттердегі NPL-дің өсуі негізінен кепілсіз тұтынушылық қарыздардың NPL үлесінің 0,3 п.т.-ға 804 млрд теңгеге дейін ұлғаюымен байланысты болды.

Бизнес субъектілеріне берілген кредиттер портфеліндегі мерзімі өткен берешегі бар кредиттердің үлесі ДК қарыздары бойынша мерзімі өткен берешек үлесінің 0,4 п.т.-ға 6,7%-ға немесе 209 млрд теңгеге дейін ұлғаюына байланысты 3,0%-ды немесе 528 млрд теңгені (2025 жылғы желтоқсанда - 2,7% немесе 504 млрд теңге) құрады (1.11-сурет).

Сонымен қатар, мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын кредиттерді провизиялармен жабу деңгейі 2026 жылғы қаңтарда 61,1%-ды (01.01.2026 ж. - 60,6%) құрап, аздап ұлғайды.

1.11-сурет. 90 күннен аса мерзімі өткен берешегі бар қарыздар



<sup>5</sup> ЕДБ-нің реттеушілік есептілігіне сәйкес



<sup>6</sup> Дара кәсіпкерлерге кәсіпкерлік мақсаттарға берілген кредиттерді қоспағанда, жеке тұлғаларға (бейрезиденттерді қоса алғанда) қарыздар

## 1.2. Депозит нарығы<sup>7</sup>

2026 жылғы қаңтарда депозиттер серпіні маусымдық факторларға және шетел валютасындағы салымдарды валюталық қайта бағалауға байланысты траекториясын қалыпты қысқартуға өзгерткеніне қарамастан, депозиттер банк секторын қорландырудың негізгі көзі болып қала берді.

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттері негізінен ұлттық валютадағы депозиттердің 3,3%-ға 36 627 млрд теңгеге дейін төмендеуі нәтижесінде 2026 жылғы қаңтарда 3,8%-ға 46 163 млрд теңгеге дейін төмендеді, бұл заңды тұлғалардың операциялық және баламалы инвестициялық қызметке қаражатты пайдалануына байланысты маусымдық факторларға байланысты болды.

Шетел валютасындағы депозиттер теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюы аясында шетел валютасындағы салымдарды валюталық қайта бағалау нәтижесінде 2026 жылғы қаңтарда 9 536 млрд теңгеге дейін 5,9%-ға төмендеді. Нәтижесінде депозиттердің долларлану деңгейі 2026 жылғы қаңтарда 2025 жылғы желтоқсандағы 21,1%-дан 20,7%-ға дейін төмендеді.



Заңды тұлғалардың депозиттері 2026 жылғы қаңтарда 7,6%-ға 20 181 млрд теңгеге дейін төмендеді, бұл негізінен шаруашылық қызметке қаражат аударуға байланысты салымдардың төмендеуі аясында ұлттық валютадағы депозиттердің 5,9%-ға төмендеуі нәтижесінде 15 397 млрд теңгеге дейін төмендеді. Заңды тұлғалардың шетел валютасындағы депозиттері 12,6%-ға 4 784 млрд теңгеге дейін, оның ішінде теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюы аясында шетел валютасындағы салымдарды валюталық қайта бағалау нәтижесінде төмендеді.

Жеке тұлғалардың депозиттері 2026 жылғы қаңтарда халықтың ағымдағы шығыстарының өсуіне байланысты ұлттық валютадағы депозиттердің 1,3%-ға 21 230 млрд теңгеге дейін төмендеуі нәтижесінде 0,7%-ға 25 982 млрд теңгеге дейін төмендеді. Есепті кезеңде жеке тұлғалардың шетел валютасындағы депозиттері 1,9%-ға 4 752 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Мерзімді депозиттер көлемі 36 947 млрд теңгені құрап, 2026 жылғы қаңтарда 1,8%-ға азайды. Олардың құрылымында ұлттық валютадағы салымдар 30 029 млрд теңгені, шетел валютасындағы салымдар 6 918 млрд теңгені құрады.

Банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді депозиттері бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 2026 жылғы қаңтарда 16,8%-ды (2025 жылғы желтоқсанда - 16,8%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 15,3%-ды (2025 жылғы желтоқсанда - 14,8%) құрап, 2025 жылғы желтоқсандағы деңгейде сақталды (1.13-сурет).

## 1.3. Қолданылған ықпал ету шаралары және әкімшілік өндіріп алулар

2026 жылғы қаңтарда екінші деңгейдегі банктерге қатысты:

<sup>7</sup> Ұлттық Банктің сайтында «Монетарлық статистика» бөлімінде берілген «Депозиттік ұйымдардағы депозиттер» кестесінің негізінде (<https://nationalbank.kz/ru/depositoryorganizationsdeposits/depozity-v-depozitnyh-organizaciyah->)

- банк заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін жазбаша нұсқама нысанында 2 шара.

- банктер қызметіндегі анықталған тәуекелдер мен кемшіліктер үшін 1ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы қолданылды.

Сонымен қатар, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын бұзғаны, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы 21 хаттама жасалды, олар бойынша 19,5 млн теңге сомаға әкімшілік жаза қолданылды

#### **1.4. Рұқсат беру қызметі**

2026 жылғы қаңтарда банктердің 4 басшы қызметкері келісілді және 1 банк қызметкеріне келісуден бас тартылды.

## 2. Сақтандыру секторы

2026 жылғы қаңтарда сақтандыру секторы жалпы қаржылық орнықтылықты сақтап қалды, бұл активтердің, капиталдың және таза пайданың өсуінен көрінді.

01.01.2026 ж. жағдай бойынша ҚР сақтандыру секторын 25 сақтандыру ұйымы, оның өмірді сақтандыру бойынша 10 ұйым ұсынды (2.1-кесте).


2.1-кесте. Сақтандыру секторының құрылымы

	01.01.2024	01.01.2025	01.01.2026	01.02.2026
Барлық сақтандыру ұйымдары	25	25	25	25
- жалпы сақтандыру бойынша	16	15	15	15
- өмірді сақтандыру бойынша	9	10	10	10
Сақтандыру брокерлері	10	13	12	12
Актuariйлер	58	65	69	69


### 2.1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық көрсеткіштері

2026 жылғы қаңтарда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтері негізінен сақтандыру сйлықақыларының өсуі есебінен 1,4%-ға 3 964 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2.1-сурет).

2.1-сурет. Сақтандыру ұйымдарының активтері



2.2-сурет. Сақтандыру ұйымдары активтерінің құрылымы




Активтер құрылымында ең көп үлесті – жиынтық активтердің 71,7%-ын (2 841,7 млрд теңге) бағалы қағаздар алады, олардың сомасы 2025 жылғы қаңтарда 2,8%-ға немесе 82,1 млрд теңгеге азайды (2.2-сурет).

Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған ақшалай қаражат пен салымдар 2026 жылғы қаңтарда 7,6%-ға 322,0 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Қайта сақтандыру активтері 2,6%-ға 139,6 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Сақтандыру дебиторлық берешегі 13,1%-ға 182,2 млрд теңгеге дейін ұлғайды.


Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері 2026 жылғы қаңтарда негізінен жасалған шарттар бойынша сақтандыру резервтерінің өсуі есебінен 1,6%-ға 2 851 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Міндеттемелер құрылымында ең көп үлесті – жиынтық міндеттемелердің 92,1%-ын сақтандыру резервтері алады. 2026 жылғы қаңтарда сақтандыру резервтері 3,0%-ға 2 625 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2.3-сурет).

2.3-сурет. Сақтандыру ұйымдарының резервтері және капиталы



2.4-сурет. Сақтандыру секторының кірістілігі



Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікті капиталы 2026 жылғы қаңтарда сақтандыру қызметінен алынған пайда есебінен 0,8%-ға 1 113 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Сақтандыру секторының 2026 жылғы қаңтардағы таза пайдасы 10,1 млрд теңгені құрады (2.4-сурет).

## 2.2. Сақтандыру сыйлықақылары, төлемдер

2026 жылғы қаңтарда сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 155,9 млрд теңгені құрады (2.5-сурет), бұл 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 0,7%-ға көп (2.9-сурет).


2026 жылғы қаңтарда міндетті сақтандыру бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 24,1 млрд теңгені құрады, 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 18,2%-ға көп. Өсу, негізінен, қызметкерлерді олар еңбек (қызметтік) міндеттерді орындаған кезде жазатайым жағдайдан сақтандыру бойынша сыйлықақылардың 26,6%-ға 2,6 млрд теңгеге ұлғаюына байланысты болды.

Ерікті жеке сақтандыру бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2026 жылғы қаңтарда 72,7 млрд теңгені құрады, 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 17,4%-ға көп. Өсу, негізінен, жинақталған сыйақылардың зейнетақы аннуитеттік сақтандыру бойынша 1,7%-ға 17,2 млрд теңгеге дейін және өмірді сақтандыру бойынша 74,4%-ға немесе 6,3 млрд теңгеге дейін ұлғаюына байланысты болды.


Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2026 жылғы қаңтарда – 59,1 млрд теңгені құрады, бұл 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 18,4%-ға аз. Төмендеу мүлікті залалдан сақтандыру бойынша жиналған сыйлықақылардың 39,1%-ға немесе 19,0 млрд теңгеге азаюына байланысты. Бұл ретте азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру сыныбы бойынша 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 4,3 млрд теңгеге өсу байқалады.

2026 жылдың басынан бері жеке және заңды тұлғалар бойынша жасалған сақтандыру шарттарының саны 1,3 млн дананы құрады, бұл 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 33,1%-ға аз. Төмендеу жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша жасалған шарттар санының 911 мың шартқа немесе 88,3%-ға азаюына байланысты.

2.5-сурет. Сақтандыру сыйлықақыларының серпіні




2.6-сурет. Жасалған шарттардың саны




2026 жылғы қаңтардағы сақтандыру төлемдерінің көлемі 42,0 млрд теңгені құрады (2.7-сурет), бұл 2025 жылғы қаңтарға қарағанда 29,5%-ға артық, барлығы 155,6 мың төлем жүзеге асырылды (2.8 және 2.9-суреттер). Есепті кезеңдегі көрсеткіштердің өсуі негізінен зейнетақы аннуитеттік сақтандыру және өмірді сақтандыру бағыттары бойынша сақтандыру төлемдерінің ұлғаюына байланысты болды.

2.7-сурет. Сақтандыру төлемдерінің серпіні



2.8-сурет. Сақтандыру төлемдерінің саны




Міндетті сақтандыру бойынша 2026 жылғы қаңтарда 13,4 млрд теңге сомаға сақтандыру төлемдері жүзеге асырылды, бұл 2025 жылғы қаңтарға қарағанда 13,6%-ға артық, негізінен көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру есебінен 26,4%-ға немесе 1,9 млрд теңгеге ұлғайды.


Ерікті жеке сақтандыру бойынша 2026 жылғы қаңтарда 16,7 млрд теңге сомаға жүзеге асырылды, бұл 2025 жылғы қаңтарға қарағанда 81,5%-ға артық, негізінен өмірді сақтандыру есебінен 72,9%-ға немесе 2,4 млрд теңгеге және зейнетақы аннуитеттік сақтандыру есебінен 197,7%-ға немесе 4,5 млрд теңгеге ұлғайды.

Ерікті мүлдік сақтандыру бойынша 2026 жылғы қаңтарда сақтандыру төлемдері 11,9 млрд теңге сомаға жүзеге асырылды, бұл негізінен мүлдік залалдан сақтандыру есебінен 18,1%-ға немесе 1,3 млрд теңгеге ұлғайып, 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 4,1%-ға артық.

2.9-сурет. Сақтандыру сыйлықақылары/төлемдері



2.10-сурет. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар және қайта сақтанушылардан өтемақы



### 2.3. Қайта сақтандыру статистикасы

2026 жылғы қаңтарда қайта сақтандыруға<sup>8</sup> 17,9 млрд теңге сомаға сақтандыру сыйлықақылары берілді, бұл сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 12,4%-ын құрайды (2.10-сурет). 01.02.2026ж. жағдай бойынша сақтандыру сыйлықақыларының негізгі бөлігі – 51,4% немесе 9,9 млрд теңге Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға берілді.

2026 жылғы қаңтарда қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары 30,9 млрд теңге сомаға сақтандыру сыйлықақыларын қабылдады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінен қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 2026 жылғы қаңтарда 24,8 млрд теңгені құрайды.

2026 жылғы қаңтарда қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойынша шығыстарды өтеу 0,9 млрд теңгені немесе жиынтық сақтандыру төлемдерінің 2,0%-ын құрады.

### 2.4. Қолданылған қадағалап ден қою шаралары мен санкциялар

2026 жылғы қаңтарда сақтандыру нарығының субъектілеріне қатысты қадағалап ден қою шаралары қолданылмады.

### 2.5. Рұқсат беру қызметі

2026 жылғы қаңтарда басшы қызметкерлерді сайлауға (тағайындауға) 3 келісім, ерікті нысанда сақтандырудың қосымша сыныбын қоса отырып, «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына 1 лицензия және «Еуразия» СК» АҚ-ның ірі (жанама) қатысушысы мәртебесін алуға 1 келісім берілді, сондай-ақ 2 кандидаттарға тестілеудің теріс нәтижесіне байланысты сақтандыру ұйымының басшы лауазымына тағайындау үшін келісуден бас тартылды.

<sup>8</sup> қайта сақтандыруға берілген шарттарды бұзумен байланысты кірістерді шегергенде

### 3. Бағалы қағаздар нарығы

2026 жылғы қаңтарда бағалы қағаздар нарығы тұрақты жұмыс істейді. KASE индексі 9,5%-ға өсті, шикізат және банк секторларындағы баға белгілеулердің оң серпініне байланысты акциялар нарығын капиталдандыру 12,6%-ға өсті.


#### Акциялар нарығы

Акциялар нарығын капиталдандыру 2026 жылғы қаңтарда 12,6%-ға 43,9 трлн теңгеге негізінен KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ (+49,6%) «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (+10,5%) және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (+8,2%) акциялары бағасының өсуі есебінен болды (3.1-сурет).


01.02.2026ж. KASE индексі шикізат және банк секторларындағы баға белгілеудің оң серпініне байланысты 7 702,60 тармақты құрап, 2026 жылғы қаңтарда 9,5%-ға ұлғайды.

Ағымдағы жылғы қаңтарда акциялармен сауда-саттық көлемі негізінен бір айда АО «Қазатомпром» ҰАҚ, AltynGold plc, «Кселл» АҚ-тың акцияларымен сауда-саттық көлемінің өсуі есебінен 10,0% ұлғайып, 24,2 млрд теңгені құрады (3.2-сурет).

3.1-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру



3.2-сурет. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі



01.02.2026ж. жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 76 қазақстандық эмитенттің 89 акциясы болды, оның ішінде 2 эмитенттің 2 акция атауы «Листингтік емес бағалы қағаздар» секторында айналысқа жіберілген.


«KASE Global» секторында 01.02.2026ж. жағдай бойынша 62 шетелдік эмитенттің 47 акция атауы, 3 ADR және 21 ETF болды. 2026 жылғы қаңтарда «KASE Global» секторында жасалған мәмілелердің жиынтық көлемі негізінен Intel Corporation, Microsoft Corporation, Meta Platforms, Inc., State Street Global Advisors акцияларының сауда-саттығы көлемінің өсуі есебінен бір айда 29,4%-ға ұлғайы, 24,2 млрд теңгені құрады.

#### 3.1. Облигациялар нарығы

2026 жылғы қаңтарда KASE-де саудаланатын корпоративтік борыштың көлемі 0,4%-ға ұлғайып, 16,3 трлн теңгені құрады (3.3-сурет). 2026 жылғы қаңтарда KASE-дегі корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда негізінен бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемін төмендету есебінен 88,8%-ға 114,7 млрд теңгеге дейін азайды (3.4-сурет). Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 2026 жылғы қаңтарда 59,2 млрд теңгені құрады, бұл 2025 жылғы желтоқсандағы көрсеткіштен 93,4%-ға төмен. 2026 жылғы қаңтарда 7 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 10 шығарылымы орналастырылды, купондық сыйақы мөлшерлемесі 10,5%-дан 24,0%-ға дейін өзгерді.

01.02.2026ж. жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 158 эмитенттің 717 корпоративтік облигацияларының шығарылымы болды (01.01.2026ж. – 154 эмитенттің 703 корпоративтік облигациялар шығарылымы).

3.3-сурет. Айналыстағы облигациялар



3.4-сурет. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі



2026 жылғы қаңтарда корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша банктердің үлесі 18,5%-ды (2025 жылғы желтоқсанда – 6,4%), брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 3,2% (4,1%), басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 3,9% (4,5%), өзге заңды тұлғалардың үлесі – 58,7% (69,0%), жеке тұлғалардың үлесі – 15,7% (16,6%) құрады.


### 3.2. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

KASE-де сатылатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы 2026 жылғы қаңтарда 0,5%-ға 32,0 трлн теңгеге дейін ұлғайды (3.5-сурет).


KASE-де мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2026 жылғы қаңтарда алдыңғы аймен салыстырғанда 19,2% ұлғайып, 527,7 млрд. теңгені құрады (3.6-сурет).

2026 жылғы қаңтарда МБҚ-ның бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 53,5% -ға 436,1 млрд теңгеге дейін ұлғайды. ҚР Қаржы министрлігінің орналастыруға тиесілі барлық көлемі өтеуге жататын 15,42-16,42% кірістілігі бар облигациялардың 7 шығарылымы болды.

3.5-сурет. Номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы



3.6-сурет. МБҚ жасалған сауда-саттық көлемі



2026 жылғы қаңтарда МБҚ қайталама нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша банктердің үлесіне - 25,4% (2025 жылғы желтоқсанда - 45,1%), брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне - 8,9% (0,8%), басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне - 5,1% (3,8%), өзге заңды тұлғалардың үлесіне - 59,3% (50,2%), жеке тұлғалардың үлесіне - 1,2% (0,1%) тиесілі болды.

### 3.4. Ұжымдық инвестициялар нарығы

01.02.2026ж. жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында 59, оның ішінде 25 аралық, 31 жабық және 3 ашық инвестициялық пай қоры болды (3.1-кесте).

3.1-кесте. Ұжымдық инвестициялар нарығының құрылымы

	01.01.24	01.01.25	01.12.25	01.01.26	01.02.26
<b>Инвестициялық қорлар</b>	<b>68</b>	<b>73</b>	<b>72</b>	<b>74</b>	<b>74</b>
Пай қорлары, оның ішінде	51	58	57	59	59
<i>Аралық ИПҚ, АИПҚ</i>	26	25	25	28	28
<i>ЖИПҚ</i>	25	33	32	31	31
Акционерлік, оның ішінде	17	15	15	15	15
<i>ТИАИҚ</i>	6	5	4	4	4

2026 жылғы қаңтарда инвестициялық пай қорлары активтерінің көлемі негізінен 1,0%-ға 346,0 млрд теңгеге дейін жекелеген инвестициялық қорлардың пайларды сатып алу есебінен азайды. Акционерлік инвестициялық қорлардың активтерін ескере отырып, клиенттердің активтерді жеке инвестициялық қордан шығаруына байланысты осы мерзімдегі қаражаттардың көлемі 8,9%-ға 385,5 млрд теңгеге дейін төмендеді (3.7-сурет).

Инвестициялық пай қорларының активтер құрылымындағы ақша қаражаты 10,6 млрд теңгені құрап, өткен аймен салыстырғанда 52,6%-ға азайды.


01.02.2026ж. жағдай бойынша инвестициялық пай қорларының негізгі активі бағалы қағаздар портфелі болып табылады, ол 280,6 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 81,1%-ын құрайды.

01.02.2026ж. жағдай бойынша инвестициялық пай қорларының портфеліндегі ҚР резидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 209,9 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 60,7%-ын, бейрезидент эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 32,4 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 9,4%-ын құрады. Сондай-ақ, активтердің құрамында 2.5 млрд теңге немесе жиынтық активтердің 0,7%-ы мөлшерінде инвестициялық қорлардың пайлары бар (3.8-сурет).


Жеке басқарушылардың басқаруындағы зейнетақы активтері 01.02.2026 жылғы жағдай бойынша негізінен жаңа салымшылардың жарналары есебінен бір айда 6,7%-ға ұлғайып, 94,5 млрд теңгені құрады.

01.02.2026ж. жағдай бойынша пай ұстаушылардың саны 11 513 жеке тұлғаны және 141 заңды тұлғаны құрады. Өткен аймен салыстырғанда пай ұстаушылардың саны 67 жеке тұлғаға азайды және 2 заңды тұлғаға көбейді.

3.7-сурет. Инвестициялық қорлардың активтері



3.8-сурет. Инвестициялық пай қорлары активтерінің құрылымы



### 3.5. Бағалы қағаздар нарығының институционалдық құрылымы

01.02.2026ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында 44 брокер және (немесе) диллер (17 банк және 27 банктік емес ұйым), 11 кастодиан-банк, 21 инвестициялық портфельді басқарушы, 4 трансфер-агент, сондай-ақ 3 инфрақұрылымдық ұйым бар: «Қазақстан қор биржасы» АҚ, «KASE» клиринг орталығы» АҚ және бірыңғай тіркеуші және сауда репозиторийі функцияларын орындайтын «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) (3.2-кесте).

01.02.2026ж. жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялардың саны 84 дананы құрады.

3.2-кесте. Бағалы қағаздар нарығының құрылымы


	01.01.24	01.01.25	01.12.25	01.01.26	01.02.26
Барлық брокер-дилерлер, оның ішінде:	39	40	42	42	44
банктер	16	16	16	16	17
<i>оның ішінде I санаттағы</i>	13	13	13	13	13
банктік емес ұйымдар	23	24	26	26	27
<i>оның ішінде I санаттағы</i>	23	24	25	25	26
Кастодиандар	11	11	11	11	11
Инвестициялық портфельді басқарушылар	21	21	21	21	21
Трансфер-агенттер	3	4	4	4	4
Бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушы	1	1	1	1	1
БҚН-да қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі	2	2	2	2	2
Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі	1	1	1	1	1
<b>Жиынтығы</b>	<b>78</b>	<b>80</b>	<b>82</b>	<b>82</b>	<b>84</b>

Орталық депозитарийдің номиналды ұстау жүйесіндегі шоттардың саны 2026 жылғы қаңтарда 2,1%-ға немесе 105 мың шотқа ұлғайып, 5 166,7 мың шотты құрады, оның ішінде:

- депонент клиенттердің қосалқы шоттарының саны 0,9 мыңға немесе 0,1%-ға 696,5 мың қосалқы шотқа дейін ұлғайды;

- брокерлер ашқан және біріктірілген омнибус-шоттар арқылы есепке алынатын жеке шоттардың саны 104,0 мыңға немесе 2,4%-ға 4 467,1 мың шотқа дейін ұлғайды.

3.9-сурет. Орталық депозитарийдің номиналды ұстау жүйесіндегі шоттардың саны



### 3.6. Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері<sup>9</sup>


Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың жиынтық активтері 2026 жылғы қаңтарда 0,7%-ға 596,1 млрд теңгеге дейін азайды. Төмендеу негізінен РЕПО операцияларын аяқтау мақсатында бағалы қағаздарды сатумен, сондай-ақ қарыздарды өтеумен байланысты болды (3.10-сурет). Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың активтерінің құрылымында 01.02.2026ж. жағдай бойынша негізгі үлесті 362,7 млрд теңге мөлшерінде немесе жиынтық активтердің 60,8%-ын бағалы қағаздар портфелі алады (3.11-сурет). Қазақстан Республикасы эмитенттерінің брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың портфеліндегі мемлекеттік емес бағалы қағаздары 221,8 млрд теңгені немесе 37,2%-ды, ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарын – 74,5 млрд теңгені немесе 12,5%-ды, шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 31,7 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 5,3%-ын құрады.

01.02.2026ж. ақша қаражатының көлемі бір айда 4,1%-ға азайып, 35,5 млрд теңгені немесе 1,5 млрд теңгені құрады. Сондай-ақ, активтер құрылымында 156,5 млрд теңгені немесе барлық активтердің 26,3%-ын құрайтын елеулі үлес салмағы басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестицияларға және реттелген борышқа тиесілі.


01.02.2026ж. жағдай бойынша міндеттемелердің жиынтық көлемі РЕПО операциялары бойынша жекелеген қатысушылардың міндеттемелерін өтеу және қарыздарды өтеу есебінен өткен аймен салыстырғанда 10,5%-ға азайып, 130,5 млрд теңгені құрады (3.10-сурет). Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельдерді басқарушылардың меншікті капиталы 01.02.2026ж. жағдай бойынша көбінесе есепті кезеңде бөлінбеген пайданың ұлғаю нәтижесінде бір айда 2,5%-ға ұлғайып, 465,6 млрд теңгені құрады.

<sup>9</sup> ЕДБ ескермей қаржы көрсеткіштері бойынша ақпарат

**3.10-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері**



**3.11-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлер және инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымы**



Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельдерді басқарушылардың капиталындағы бөлінбеген пайда 01.02.2026ж. жағдай бойынша бір айда 3,6%-ға ұлғайып, 167,3 млрд теңгені құрады.

### 3.7. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2026 жылғы қаңтарда бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға қатысты ұсынымдық шара түрінде 4 қадағалап ден қою шарасы, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы 1 хаттама қолданылды.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қадағалап ден қою шараларын қолдануға әкеп соқтырған бұзушылықтары дәйексіз есептілікті бірнеше рет ұсыну, сондай-ақ ішкі ережелерде клиенттерді тиісінше тексеру рәсімдерінің болмауы болып табылады.

2026 жылғы қаңтарда бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты өз қызметі туралы ақпаратты ашуды реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін жазбаша ескерту түріндегі 1 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды.

### 3.8. Рұқсат беру қызметі

2026 жылғы қаңтарда Агенттік бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың 2 басшы қызметкерін келісті. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға 3 лицензия, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге 1 келісім берілді.

#### 4. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (банктік емес сектор)

01.01.2026 жағдай бойынша банктік емес сектор қатысушылардың тұрақты құрылымын сақтай отырып, активтер мен капиталдың тұрақты өсуін көрсетеді. Ипотекалық ұйымдар пайданы ұлғайтты, ал БОЖЖАҰ несиелік портфелін көбінесе РЕПО операциялары есебінен ұлғайтты. Пруденциялық нормативтер сақталады, қадағалап ықпал ету шаралары қолданылмаған, бұл сектордың тұрақтылығын растайды.

##### 4.1. Ипотекалық ұйымдардың және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ағымдағы жай-күйі

01.01.2026ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банктік емес секторын 2 ипотекалық ұйым және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 3 ұйым (бұдан әрі – БОЖТЖҰ) білдіреді.


4.1-кесте. Банктік емес сектордың құрылымы

	01.01.2025	01.10.2025	01.01.2026
Ипотекалық ұйымдардың саны	2	2	2
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың саны	3	3	3


##### 4.2. Ипотекалық ұйымдардың қаржылық көрсеткіштері

2025 жылғы 4-тоқсанда ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтері 3,3%-ға 1 868 млрд теңгеге дейін ұлғайған (2025 жылға 18,5%-ға өсу) (4.1-сурет).

4.1-сурет. Ипотекалық ұйымдардың активтері мен несиелік портфелі



4.2-сурет. Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері, капиталы



2025 жылғы 4-тоқсанда ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелі бағалы қағаздармен кері репо операциялары бойынша жасалған мәмілелер көлемінің төмендеуі нәтижесінде 5,0%-ға 472,3 млрд теңгеге дейін төмендеді (2025 жылға 13,9%-ға төмендеу) (4.2-кесте).

4.2-кесте. Ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2025		01.10.2025		01.01.2026		Өзгерістер, %-бен
	млрд теңге	үлесі	млрд теңге	үлесі	млрд теңге	үлесі	
Несие портфелі (негізгі борыш), оның ішінде.:	548,0	100%	497,0	100%	472,3	100%	-5

Көрсеткіштің атауы	01.01.2025		01.10.2025		01.01.2026		Өзгерістер, %-бен
	млрд теңге	үлесі	млрд теңге	үлесі	млрд теңге	үлесі	
Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	148,9	27,2%	140,6	28,3%	141,0	29,9%	0
Клиенттерге берілген қаржы лизингі	127,3	23,2%	120,5	24,2%	117,3	24,8%	-3
Қарыздар бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегі	0,4	0,1%	2,5	0,5%	2,0	0,4%	-20
Бағалы қағаздармен кері РЕПО операциялары	271,4	49,5%	233,4	47%	213,7	45,2%	-8
Анықтама үшін: ХҚЕС бойынша провизиялар	1,4	0,3%	2,2	0,4%	1,9	0,4%	-14

2025 жылғы 4-тоқсандағы ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері қарыздардың және айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың өсуі есебінен 3,6%-ға 1 588 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2025 жылы 20,7%-ға өсу) (4.2-сурет). 2025 жылғы 4-тоқсанда ипотекалық ұйымдардың меншікті баланстық капиталы резерв капиталының өсуі есебінен 1,8%-ға 280 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2025 жылы 8,1%-ға өсу).


2025 жылғы 4-тоқсанның қорытындысы бойынша ипотекалық ұйымдардың таза пайдасы 51,1 млрд теңге болды, бұл 2025 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда жоғары болды (01.01.2025ж. – 42,8 млрд теңге).

01.01.2026ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар меншікті капиталдың жеткіліктілігін қоса алғанда пруденциялық нормативтерге қойылатын талаптарды сақтауда.


#### 4.3. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (БОЖТЖҰ) қаржылық көрсеткіштері<sup>10</sup>

2025 жылғы 4-тоқсанның қорытындысы бойынша БОЖТЖҰ жиынтық активтері 3,0%-ға 3 107 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2025 жылы 18,1%-ға өсу) (4.3-сурет).

4.3-сурет. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың активтері мен несие портфелі



4.4-сурет. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың міндеттемелері, капиталы



2025 жылғы 4-тоқсанның қорытындысы бойынша БОЖТЖҰ несие портфелі 15,7%-ға 2 659 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2025 жылы 26,9%-ға өсу) (4.3-кесте).

<sup>10</sup> Агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары және Ұлттық пошта операторы

БОЖТЖҰ-ның міндеттемелері 2025 жылғы 4-тоқсанның қорытындысы бойынша негізінен шығарылған борыштық бағала қағаздар есебінен 2,8%-ға 2 310 млрд теңгеге дейін ұлғайды (4.4-сурет).

БОЖТЖҰ-ның меншікті капиталы 01.01.2026ж. жағдай бойынша 796 млрд теңгені құрады, бұл 2025 жылғы 4 тоқсандағы көрсеткіштен 6,1%-ға артық (01.01.2025ж. – 750 млрд теңге).

**4.3-кесте. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың несие портфелінің құрылымы**

Көрсеткіштің атауы	01.01.2025		01.10.2025		01.01.2026		Өзгерістер, %-бен
	млрд теңге	үлесі	млрд теңге	үлесі	млрд теңге	үлесі	
Несие портфелі (негізгі борыш), оның ішінде:	2 096,0	100%	2 299	100%	2 659	100%	15,7
Клиенттерге берілген қарыздар, оның ішінде:	1 669,7	80%	1 947	85%	1 828	69%	-6,1
Банкаралық қарыздар	83,4	4%	122	5%	179	7%	46,7
Кері РЕПО операциялары	391,3	19%	230	10%	652	25%	183,5
<i>Мерзімі өткен берешегі бар қарыздар</i>	336,7*	16%	269	12%	329	12%	22,3
<i>Анықтама үшін: ХҚЕС бойынша провизиялар</i>	1,4	0,1%	333	14,5%	320	12%	-3,9

01.01.2026ж. жағдай бойынша БОЖТЖҰ меншікті капиталдың жеткіліктілігін қоса алғанда пруденциялық нормативтерге қойылатын талаптарды сақтауда.

**4.4. Қолданылған ықпал ету шаралары мен санкциялар**

Есепті кезеңде Агенттік ипотекалық ұйымдарға және БОЖТЖҰ-ға қатысты қадағалап ден қою шараларын және санкцияларды қолданбаған.

## 5. Микроқаржылық қызмет

Микроқаржыландыру секторы 2025 жылғы IV тоқсанның қорытындылары бойынша орнықты өсу үрдісін сақтап отыр және шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ банктік кредиттеуге қолжетімділігі шектеулі халық үшін қаржы ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаруды жалғастыруда.

01.01.2026ж. жағдай бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – МҚҚЖҰ) саны - 893, оның ішінде 215 микроқаржы ұйымы, 210 кредиттік серіктестік, 468 ломбард бар (5.1-кесте).

5.1-кесте. Микроқаржы секторының құрылымы

	01.01.2023	01.01.2024	01.01.2025	01.01.2026
<b>Барлық МҚҚЖҰ</b>	<b>997</b>	<b>966</b>	<b>919</b>	<b>893</b>
Микроқаржы ұйымдары	235	231	216	215
Кредиттік серіктестіктер	214	214	216	210
Ломбардтар	548	521	487	468


### 5.1. МҚҚЖҰ-ның қаржылық көрсеткіштері

#### Активтер, міндеттемелер, капитал<sup>11</sup>

2025 жылғы 4-тоқсанда үшін МҚҚЖҰ-ның активтері ломбардтың тұтынушылық микрокредиттері көлемінің өсуі есебінен 2,2%-ға 3 535 млрд теңгеге дейін азайды (2025 жылдың басынан бері 17,2%-ға өсті) (5.1-сурет). МҚҚЖҰ құрылымындағы активтердің басым үлесі 1 667 млрд теңге немесе 47,4%-ды құрайтын микроқаржы ұйымдарына, 1 274 млрд теңге немесе 36,0%-ды құрайтын кредиттік серіктестіктерге, 585 млрд теңге немесе 16,5%-ды құрайтын ломбардтарға тиесілі.

01.01.2026ж. МҚҚЖҰ жиынтық активтерінде басым үлес салмағы 79,7%-ды немесе 2 816 млрд теңгені құрайтын берілген микрокредиттерге<sup>12</sup> тиесілі. Берілген микрокредиттер микроқаржы ұйымдарының 77,5%-ы, кредиттік серіктестіктердің 85,5%-ы, ломбардтардың 73,1%-ы тиесілі.

5.1-сурет. МҚҚЖҰ активтерінің серпіні



МҚҚЖҰ жиынтық міндеттемелері 2025 жылғы 4-тоқсанда кредиторлық берешектің өсуі есебінен 5,4%-ға 2 276 млрд теңгеге ұлғайды (2025 жылы 14,8%-ға өсу) (5.2-сурет). Бұл

<sup>11</sup> 01.01.2026ж. – алдын ала деректер

<sup>12</sup> құнсыздануға резервтерді шегергенге дейін негізгі борыш бойынша


ретте, жиынтық міндеттемелердің басым үлесін 66,2%-ды немесе 1 508 млрд теңгені құрайтын алынған қарыздар құрайды.

Микроқаржы ұйымдарының жиынтық міндеттемелері 1 232 млрд теңгені (МҚҚЖҰ жиынтық міндеттемелерінің 54,1%-ын), кредиттік серіктестер 834 млрд теңге (36,7%), ломбардтар – 210 млрд теңгені (9,2%) құрайды.


01.01.2026ж. жағдай бойынша микроқаржы секторының жиынтық меншікті капиталы 1 259 млрд теңгені құрады және ол негізінен жарғылық капиталдан және бөлінбеген пайдадан қалыптастырылды. 2025 жылғы 4-тоқсанда МҚҚЖҰ-ның меншікті капиталы МҚҚЖҰ-ның бөлінбеген пайдасының төмендеуі есебінен 3,0%-ға төмендеді (2025 жылдың басынан бері 21,7%-ға өсті) (5.3-сурет).

МҚҚЖҰ меншікті капиталының құрылымындағы басым үлесі микроқаржы ұйымдарының 445 млрд теңге сомасындағы немесе 35,3% мөлшеріндегі жиынтық меншікті капиталына тиесілі. Кредиттік серіктестіктердің және ломбардтардың меншікті капиталы 440 млрд теңге немесе 34,9% және тиісінше 375 млрд теңге немесе 29,8%-ды құрайды.

5.2-сурет. МҚҚЖҰ міндеттемелерінің серпіні



5.3-сурет. МҚҚЖҰ меншікті капиталының серпіні



## 5.2. МҚҚЖҰ қарыздарының портфелі

МҚҚЖҰ-ның жиынтық несие портфелі<sup>13</sup> 2025 жылғы 4-тоқсанда 1,5%-ға 3 013 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2025 жылдың басынан бері 12,3%-ға өсу) (5.3-сурет). МҚҚЖҰ микрокредиттер құрылымында бизнес субъектілеріне<sup>14</sup> берілген микрокредиттердің үлесі 56,6%-ды, халыққа берілген микрокредиттердің үлесі 43,4%-ды құрады.



Бизнес субъектілеріне берілетін микрокредиттер нарықтың 37,7%-ы тиесілі болған 2 МҚҰ-ның ЕДБ-ға айналуына байланысты дара кәсіпкерлерге және жеке тұлғаларға кәсіпкерлік мақсаттарға микрокредиттер беру көлемдерінің қысқаруы есебінен 2025 жылғы 4-тоқсанда 2,0%-ға 1 755 млрд теңгеге дейін (2025 жылы 7,4%-ға ұлғаю) төмендеді.

Халыққа берілген микрокредиттер ломбардтар берген тұтынушылық микрокредиттердің ұлғаюы есебінен 2025 жылғы 4-тоқсанда 6,4%-ға 1 348 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2025 жылы 19,4%-ға ұлғаю).

<sup>13</sup> Құнсыздануға резервтерді шегергенге дейін негізгі борыш бойынша

<sup>14</sup> Бизнес субъектілеріне заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті іске асыру мақсатында кредит алған жеке тұлғалар жатқызылады

5.4-сурет. МҚҚЖҰ несиелік портфелінің сапасы

5.5-сурет. Жеке және заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер<sup>15</sup>

01.01.2026ж. жағдай бойынша МҚҚЖҰ портфелінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер деңгейі 3,9%-ды құрады (2025ж. басында - 4,6%). Жеке тұлғалардың портфелінде бұл көрсеткіш 5,0%-ды құрады (2025ж. басында - 6,3%).

### 5.3. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2025 жылғы 4-тоқсанда анықталған бұзушылықтардың қорытындысы бойынша МҚҚЖҰ-ға 22 жазбаша нұсқама және 3 лицензиядан айыру түріндегі шектеулі ықпал ету шаралары, сондай-ақ 226 әкімшілік жаза қолданылды, оның ішінде 69,7 млн теңге сомаға 221 хаттама құрылды. МҚҚЖҰ-ға қатысты ықпал ету шараларын қолдануға әкеп соққан негізгі бұзушылықтар ЖТСМ-ді артық көрсету не дұрыс көрсетпеу, 60 және 90 күннен астам мерзімі өткен берешек болған жағдайда микрокредиттер беру не қарызды ресімдеуден ерікті түрде бас тарту, сондай-ақ пруденциялық нормативтерді сақтамау болып табылады.


<sup>15</sup> 01.07.2023ж. бастап жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында берілген микрокредиттері жеке тұлғаларға берілген жалпы микрокредиттерден бөлінген

## 6. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау


### 6.1. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың жолданымдарын талдау

2026 жылғы қаңтарда Агенттіктің тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қызметі негізінен қарыз алушылардың қарыздар бойынша берешекті реттеу және өндіріп алу мәселелері бойынша жолданымдарын қараумен, сондай-ақ заңнаманы түсіндірумен және консультация берумен байланысты болды.

6.1-сурет. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар жолданымдарының саны



6.2-сурет. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар жолданымдарының құрылымы



2026 жылғы қаңтарда қаржы ұйымдары мен коллекторлық агенттіктердің қызметіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың 15 571 жолданымдары қаралды (6.1-сурет). Алдыңғы аймен салыстырғанда жолданымдардың саны 3,9%-ға ұлғайған.

Азаматтар мен кәсіпкерлік субъектілері жолданымдарының негізгі үлесі банк секторына (банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар) тиесілі болды, ол 2026 жылғы қаңтарда өтініштердің жалпы санының 61,4%-ын құрады (6.2-сурет). Қаржы нарығының өзге секторлары бойынша үлестер мынадай болып бөлінген: микроқаржы ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша – 27,2%, сақтандыру нарығының субъектілері – 2,0%, коллекторлық агенттіктер – 6,9%, өзге де ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша – 2,5%-ды құрады.

Қаралған жолданымдар мәселесінің сипаты бойынша басым үлес қарыздар бойынша берешекті реттеу мәселелеріне - 57%, заңнаманы түсіндіруге - 11% және түрлі сұрақтар бойынша консультацияларға – 7% тиесілі болды (6.1-кесте). Бұл ретте онлайн-қарыздар беру кезінде міндетті «шешім қабылдау» кезеңін енгізуді, Антифрод-орталыққа қатысушылардың функционалы мен құрамын кеңейтуді, биометриялық сәйкестендіру рәсімдерін күшейтуді, сондай-ақ Агенттіктің әлеуметтік желілерде және Fingramota.kz порталында жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуін қоса алғанда, реттеуші шаралар кешенін іске асыру есебінен алаяқтық мәселелері бойынша қаралған жолданымдар санының 35%-ға төмендеуі байқалады.

6.1-сурет. Қаралған өтініштерді мәселенің сипаты бойынша бөлу

	01.01.2026		01.02.2026		Өзгерістер, %-бен
	өтініштер саны	үлесі	өтініштер саны	үлесі	
Қарызды өтеу бойынша мәселелерді реттеу	7 425	50%	8 935	57%	20%
Заңнаманы түсіндіру	1 883	13%	1 737	11%	-8%

Консультация беру және қызмет көрсету	1 306	9%	1 120	7%	-14%
Шоттардағы бұғаттаулар мен тыйым салулар	1049	7%	952	6%	-9%
Кредиттік есеп деректерін даулау	1214	8%	1036	7%	-15%
Алаяқтық	621	4%	405	3%	-35%
Басқа да	1 486	10%	1 386	9%	-7%
<b>Жолданымдардың барлығы</b>	<b>14 984</b>	<b>100%</b>	<b>15 571</b>	<b>100%</b>	<b>4%</b>

## 6.2. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2026 жылғы қаңтарда Агенттік қаржы ұйымдарының және коллекторлық агенттіктердің іс-әрекеттерінде анықталған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтары бойынша 14 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасын және 2,9 млн теңге сомаға 6 әкімшілік жаза бойынша 6 әкімшілік айыппұл қолданды. Оның ішінде:

- екінші деңгейдегі банктер – 7 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы;
- коллекторлық ұйымдар – 1 айыппұл;
- сақтандыру ұйымдары – 7 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы және 5 айыппұл.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарының бұзылуы, оның ішінде қаржы ұйымдары мен коллекторлық агенттіктердің қарыз шарттарын өзгерту бойынша өтініш берушілердің өтініштеріне дәлелді жауап бермеуіне, кредиттік есептің деректерін уақтылы жаңартылмауына, Ұлттық Банктің Антифрод-орталығының тізімдерінде көрсетілген клиентке ақша аударуды жүзеге асыруына және сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмауына байланысты тіркелді.

## 6.3. Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы

Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыруды/қосымша көмек көрсету шараларын көрсетуді 12 банк пен 3 ипотекалық ұйым жүзеге асырады.

2004-2020 жылдар аралығындағы кезеңде ипотекалық қарыз алған қарыз алушылардың жалғыз баспанасын сақтап қалуға бағытталған Бағдарламаның бірінші бөлігі шеңберінде банктер 01.02.2026ж. жағдай бойынша 212,4 млрд теңге сомаға 33,1 мың қарызды қайта қаржыландырды.

Бағдарламаның екінші бөлігі 01.01.2016ж. дейін берілген валюталық ипотекалық қарыздарды конвертациялауға/қайта қаржыландыруға бағытталған. Бағдарламаның екінші бөлігін іске асыру кезеңінде банктер 114,3 млрд теңге сомаға 16 мың валюталық ипотекалық қарызды конвертациялауды/қайта қаржыландыруды жүргізді.

Бағдарламаның үшінші бөлігі шеңберінде банктер қарыздары бұрын Бағдарламаның шеңберінде қайта қаржыландырылған ХЭОТ-қа жататын ипотекалық қарыз алушыларға қосымша қаржылай қолдау шараларын көрсету бойынша жұмыс жүргізуде. Қарыз алушының берешегін азайту, өтеудің жеңілдетілген кестелерін белгілеу, сондай-ақ қарыз алушының меншігіне банк балансында есепте тұрған жалғыз баспанасын қайтару түрінде қолдау шаралары көрсетіледі. 01.02.02026ж. жағдай бойынша қосымша қолдау шаралары 101,0 млрд теңге сомаға 10,6 мың қарыз алушыға көрсетілді.